

**"Тайынша ауданы Летовочный селолық округі елді мекендерінің құрамдық бөліктеріне атау беру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Летовочный ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 5 тамыздағы №5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Летовочный ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 маусымдағы № 4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 шілдеде № 4816 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, Тайынша ауданы Летовочный ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Тайынша ауданы Летовочный селолық округі елді мекендерінің құрамдық бөліктеріне атау беру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Летовочный ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 5 тамыздағы № 5 шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №13-11-188 тіркелді, 2010 жылғы 27 тамызда "Тайынша Таңы" газетінде және 2010 жылғы 27 тамызда " Тайыншинские вести" газетінде жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің қазақ тіліндегі тақырыбында және мәтіні бойынша, сонымен қатар шешімнің қосымшасында "селолық", "селосы" сөздері "ауылдық", "ауылы" сөздерімен ауыстырылсын;

шешімнің орыс тіліндегі тақырыбы және мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*А. Молдиярова*